

Әкімдіктің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 239 "2016 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 276 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 қаңтарда № 6145 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 239 "2016 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6047 тіркелген, 2015 жылғы 24 желтоқсанда "Меңдіқара үні" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағында:

2), 3) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"2) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма тоғыз жасқа дейінгі балалар";

16) тармақшасы алынып тасталсын".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Меңдіқара ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

В. Ионенко